

## Ең аз зейнеткақыдан төмен алатын зейнеткерлерге әлеуметтік көмек көрсету туралы

### **Күшін жойған**

Ақтөбе облысы Мәртөк аудындық мәслихатының 2011 жылғы 3 ақпандағы № 219 шешімі. Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 23 ақпанда № 3-8-128 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2012 жылғы 9 тамыздағы № 31 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2012.08.09 № 31 Шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95 Бюджет Кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ Е Т Е Д І :**

1. Азық тұлік бағаларының көтерілуіне байланысты мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына ең аз зейнеткақыдан төмен алатын зейнеткерлерге 1,5 айлық есептік көрсеткіші мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетілсін.

2. Аудандық мәслихаттың «Ең аз және ең аз зейнеткақыдан төмен алатын зейнеткерлерге, сонымен қатар жалпы аурудан I, II, III топтағы мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсету туралы» 2009 жылғы 19 ақпандада № 84 шешімі (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 3-8-80, 2009 жылғы 18 наурызда «Мәртөк тынысы» № 12 газетінде жарияланған; аудандық мәслихаттың «Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 19 ақпандада № 84 «Ең аз және ең аз зейнеткақыдан төмен алатын зейнеткерлерге, сонымен қатар жалпы аурудан I, II, III топтағы әлеуметтік көмек көрсету туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы» 2009 жылғы 24 сәуірдегі № 107 шешімімен (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 3-8-86, 2009 жылғы 27 мамырдағы «Мәртөк тынысы» № 24-25 газетінде жарияланған енгізілген өзгерістерді ескеріп) күші жойылды деп танылсын.

3. Аудандық экономика және кәсіпкерлік бөлімі (А.Т.Жұмабаева) әлеуметтік көмек төлеуге қаржы қарастырылып.

4. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Г.А. Алматбаева) ай сайынғы төлемдерді қамтамасыз етсін.

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен

соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап құқықтық қатынастарға қолданылады.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
И.Жұмабаев*

*Аудандық мәслихат  
хатшысы  
A. Смағұлов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК